

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ШОЛУ 2025

ҚАЗАҚСТАН





2025

Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне шолу

ИНФЛЯЦИЯ, ЖЫЛ СОҢЫНДА, %-БЕН)	8,9
БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ, ЖЫЛ СОҢЫНДА, %-БЕН	15,25
ЖІӨ, %-БЕН	4,4
АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ, 1 ДОЛЛАРЫ ҮШІН ТЕҢГЕ	533,4
МҰНАЙ БАҒАСЫ, 1 БАРРЕЛЬ ҮШІН ДОЛЛАР	75,6


2025 жылы Қазақстандағы экономикалық жағдай түрліше болуы мүмкін: кейбір жағымды белгілермен, сондай-ақ еліміздің қаржылық тұрақтылығы үшін орын алып отырған сын-қатерлермен байланысты болады.

Жылдық инфляция 8,9%-ды құрайды деп болжануда. Бұл мән алдыңғы жылдармен салыстырғанда әлі де жоғары болса да, ол бағаның бірте-бірте тұрақтанғанын көрсетеді. Алайда инфляцияның баяулағанына қарамастан, Ұлттық Банк белгілеген базалық мөлшерлеме 15,25% болып жоғары деңгейде қалады. Бұл инфляциялық қысымды тежеу үшін және қаржылық тұрақтылықты ұстап тұру үшін қажет.

Жалпы ішкі өнім 4,4% деңгейінде өседі деп болжануда. Бұл – бірнеше жылғы белгісіздіктен кейін экономиканы қалпына келтірудің жағымды белгісі. Сыртқы экономикалық жағдайдың жақсаруының және ішкі сұраныстың артуының арқасында осындай өсім болуы мүмкін.

Теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы бір доллар үшін 533,4 теңге деңгейінде болжанып отыр. Ұлттық валютаның әлсіреуі әлемдік нарықтағы тұрақсыздыққа, сондай-ақ экономиканың әртараптануының шектелуіне байланысты. Сонымен қатар мұнайдың бір баррель үшін \$75,6 деңгейіндегі тұрақты бағасы елдің экспорттық кірісін сақтап тұрады, бұл бюджетті толықтыру үшін маңызды фактор болып табылады.

Сонымен 2025 жыл біртіндеп қалпына келтіру және тұрақтандыру уақыты болады, алайда жоғары инфляция және әлсіз ұлттық валюта сияқты маңызды макроэкономикалық сын-қатерлер қаржылық тәртіпті сақтау үшін және экономиканы әртараптандыру үшін сарқа күш жұмсауды талап етеді.





Бақберген Тоқтасын,
BCC Invest талдау және зерттеу
департаментінің макроэкономисті

Тарауға шолу


Жылдық инфляция – өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда экономикадағы бағаның өзгеруі. Бағаның өсуіне өнімнің өзіндік құнының көтерілуі (шикізаттың қымбаттауы, жалақының өсуі, тарифтің қымбаттауы және т.б.) және қаржылық тұрақтылықтың нашарлау тәуекелі (геосаяси белгісіздік, ұлттық валютаның құнсыздануы, клиенттердің төлем қабілетсіздігінің өсуі және т.б.) сияқты факторлар әсер етеді. Тым төмен немесе жоғары инфляция ақыр соңында ынталандырудың болмауына немесе сұраныстың азаюына байланысты экономикалық белсенділіктің төмендеуіне алып келеді.

Қазақстан үшін де, басқа кез келген ел үшін де инфляцияның оңтайлы деңгейі болады, ол бағаның жоғары деңгейде өсуіне әкелмей, экономикалық белсенділікті ұстанады. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2023 жылдан бастап жылдық инфляция үшін 5% деңгейінде нысаналы бағдар белгіледі. Алайда шынайы жағдай қиындау болып тұр – коронавирус пандемиясы мен Украина аумағындағы соғыс қимылдарынан кейін 2023 жылғы ақпан айында инфляция 21,3%-ға жетті, бұл ХХІ ғасырдың басынан бергі рекордтық көрсеткіш болып отыр.

Ұлттық Банк пен ҚР Үкіметінің күш-жігерінің, сондай-ақ жоғары базаның әсерінің арқасында инфляция 8,4%-ға дейін бәсеңдеді. Бұл ретте 2024 жылы екі мәнді деңгейде сақталып отырған ақылы қызметтер инфляция динамикасына сүбелі үлес қосып отыр.


2025 жылдың соңына қарай ҰБ инфляция 6,5-8,5% деңгейінде болады деп болжайды. Халықаралық ұйымдар 6,5% деңгейінде болады деген консенсус-болжам айтты, ал BCC Invest талдаушылары 8,9%-ға дейін жеделдейді деген болжам айтып отыр. Болжамның алғышарты – экономикадағы бұрмалаудың жоғары деңгейі жағдайында трансмиссиялық тетіктің тиімділігінің әлсіздігі.

2025 жылға арналған жылдық инфляция болжамы, %-бен



ВСС Invest талдаушыларының алдағы уақыттағы инфляция динамикасы бойынша болжамы

2025 жылдың соңына дейін жылдық инфляция мен оның компоненттерінің болжамы, %-бен



Дереккөз: ҰСБ деректері

«ВСС Invest» АҚ Талдау және зерттеулер департаменті талдаушыларының бағалауына сай, 2025 жылы азық-түлік тауарлары бойынша жылдық мәнде инфляция компоненттері 4,9% - 9,1%-ды, азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша 8,0% - 8,4%-ды құрайды, ал қызмет көрсету секторында баға 11,2% - 13,6% диапазонында өседі. Инфляцияның жалпы деңгейі жылдық мәнде 8,4% - 9,5% шегінде болады және 2025 жылдың соңына қарай 8,9%-ды құрайды.

Әкімшілік және маусымдық факторлар ескерілмегенде, Қазақстандағы базалық инфляция еркін бағалардың динамикасын көрсетеді. 2024 жылы базалық инфляция мамыр

айынан қараша айына дейін 8,0-8,2% деңгейінде сақталды, бұл 2023 жылы байқалған төмендеуге қарағанда инфляциялық процестердің тұрақты сақталатынын көрсетеді.

Қалыпты қатаң ақша-кредит жағдайларының сақталуы экономикалық агенттердің тауарлар мен қызметтерді тұтынуына деген сұранысты шектеуді жалғастырады, бұл өз кезегінде еліміздің экономикалық өсуі мен инфляцияны бәсеңдетуге тиіс. Бұдан бөлек үкімет бекіткен инфляция деңгейін бақылау және төмендету жөніндегі шаралар кешені де нарықтағы ұсынысты молықтыруға ықпал етеді, бұл басқа да осындай жағдайларда азаматтардың артып келе жатқан сұранысын қанағаттандыруға тиіс.

Тарауға шолу

Базалық мөлшерлеме – бұл Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі экономикадағы кредиттер мен депозиттердің құнын реттеу үшін белгілейтін негізгі пайыздық мөлшерлеме. Базалық мөлшерлеме бизнес пен халық үшін қарыз алу құнына әсер етеді, сондай-ақ банктердің депозиттер бойынша қанша төлейтінін айқындайды. Базалық мөлшерлеменің негізгі мақсаты – баға тұрақтылығын қолдау және инфляция деңгейін бақылау.

2023 жылы Қазақстан Ұлттық Банкі рекордтық 21,3%-ға жеткен инфляцияның өсуін тежеу үшін базалық мөлшерлемені 16,75%-ға дейін көтеруге мәжбүр болды. Бұл шара тұтынушылық сұранысты азайтуға және теңгені айырбастау бағамын тұрақтандыруға бағытталды. Базалық мөлшерлеме жоғарылағанда кредит қымбаттайды, бұл қарыз алу нарығындағы белсенділікті тежейді, бірақ сонымен бірге адамдар мен компанияларды өз қаражатын банктерде сақтауға ынталандырады, осылайша инфляцияға қысымды төмендетеді.

2024 жылғы ақша-кредит саясаты комитетінің соңғы отырысында базалық мөлшерлемені 14,25%-дан 15,25%-ға дейін көтеру туралы шешім қабылданды. BCC Invest сарапшылары ақша-кредит саясатының тиімділігі экономикадағы құрылымдық мәселелер мен сыртқы нарықтағы белгісіздіктен шектелуі мүмкін екенін ескертеді. Осының аясында базалық мөлшерлеменің 13,5-14,0% деңгейіне дейін азаюдан 15,5-16,5%-ға дейін ұлғаюына дейін үш сценарийді дамыту әзірленді.




ВСС Invest талдаушыларының алдағы динамика бойынша болжамы

29 қарашада ҚР ҰБ ақша-кредит саясаты комитетінің 2024 жылғы қорытынды отырысы өтті, онда базалық мөлшерлемені 15,25% деңгейіне дейін 100 базистік тармаққа көтеру туралы шешім қабылданды. 2025 жылы базалық мөлшерлеме бойынша сегіз жоспарлы шешім қабылданады, олар 17 қаңтарда, 7 наурызда, 11 сәуірде, 5 маусымда, 11 шілдеде, 29 тамызда, 10 қазанда және 28 қарашада өтеді. Айырбастау бағамының ағымдағы құбылмалылығы, инфляция динамикасындағы белгісіздік және экономиканы фискалдық ынталандыру кезінде ВСС Invest компаниясының талдаушылары базалық мөлшерлеменің ықтимал дамуының үш сценарийін болжап отыр.

Базалық сценарий бойынша инфляция бойынша біздің болжамымызды іске асырған кезде және валюта нарығындағы алыпсатарлық көңіл күй түсіп кеткен кезде 2025 жылы базалық мөлшерлеме 15,25-15,75% шегінде болады. Біз келесі жылдың бірінші жартыжылдығында базалық мөлшерлеменің сақталатынын, инфляцияның жалғасып жатқан өсуіне байланысты мөлшерлеменің кейін жазда 25-50 базистік тармаққа көтерілетінін болжап отырмыз. Содан кейін маусымдық фактордың есебінен инфляцияның баяулауына байланысты базалық мөлшерлемені 15,25% деңгейіне дейін төмендету болжанып отыр. Осылайша, 2025 жыл 15,25% базалық мөлшерлеменен басталып, базалық сценарий бойынша 15,25% мөлшерлеменен аяқталады.

Пессимистік сценарий бойынша ұлттық валютаның әлсіреуі жалғасқан кезде реттеуші базалық мөлшерлемені 2025 жылғы 17 қаңтарда 100-ден 250 базистік тармаққа дейін көтеруге мәжбүр болуы мүмкін. Еліміздің импорты көбінесе дайын өніммен ұсынылғандықтан, ұлттық валютаның едәуір әлсіреуі экономикадағы баға деңгейіне немесе инфляцияның жеделдеуіне тікелей әсер етеді. Базалық мөлшерлемені едәуір көтеру, пайыздық мөлшерлемелерді оңтайлы басқару теориясына сай, реттеушіге экономикалық агенттердің сұранысын төмендетуге көмектеседі, бұл еліміздегі инфляцияны тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте мөлшерлеме бірінші жартыжылдықта жоғары деңгейде қалып, содан кейін біртіндеп төмендеген 2023 жылдың қайталануы күтіледі. 2025 жылдың соңына қарай базалық мөлшерлеме 15,5 - 16,5% диапазонында болады.

Оптимистік сценарий бойынша, ұлттық валютаның ағымдағы әлсіреуі қысқа мерзімді кезеңде тұрақтап, кейіннен нығаяды. Бұл ретте базалық инфляция төмендеу трендін көрсетеді, сәйкесінше инфляция да баяулайды. Бұл жағдайда реттеушіде базалық мөлшерлемені орташа алғанда 25-50 базистік тармаққа төмендетудің неғұрлым айқын динамикасы болады. Инфляцияны төмендетуден басқа, неғұрлым төмен базалық мөлшерлеме екінші деңгейдегі банктердің кредиттік ресурстарын қолжетімді етеді, бұл экономиканың экономикалық өсуін ынталандыруға алып келеді. Осылайша, жағымды сыртқы экономикалық жағдайда 2025 жылдың соңына қарай базалық мөлшерлеме 13,5-14,0% шамасында болуы мүмкін.



Тарауға шолу

Жалпы ішкі өнім – бұл елде белгілі бір кезеңде, әдетте күнтізбелік жылдың ішінде өндірілген барлық тауарлар мен қызметтердің жиынтық құны. ЖІӨ – мемлекеттің экономикалық әлеуеті қаншалықты тиімді пайдаланылатынын көрсететін экономикалық өсу мен әл-ауқаттың негізгі көрсеткіші. ЖІӨ өсуі әдетте өндірістің, табыстың және өмір сүру деңгейінің жақсарғанын көрсетеді, ал оның төмендеуі экономикалық қиындықтарды білдіруі мүмкін. Экономиканың номиналды өсуі бағалар мен өндіріс көлемінің бірге қаншаға өскенін көрсетеді, ал нақты өсу (немесе ЖІӨ нақты көлемінің индексі) баға құраушының әсерін қоспағанда, өндіріс көлемінің өзгергенін ғана ескереді. Нақты өсу олардың құнын емес, өндіріс көлемінің нақты сандық өзгерісін көрсетеді.


Соңғы бірнеше жылда Қазақстан экономикасы қатал сынақтарға тап болды, оның ішінде коронавирус пандемиясы мен Ресей мен Украинаның арасындағы соғыстың салдары да бар. 2023 жылы мемлекеттік органдардың күш-жігерінің және еліміздің экономикасын қалпына келтірудің арқасында ЖІӨ өсу қарқыны 5,1%-ға дейін жеделдеді, бұл инвестициялардың өсуіне және экономикадағы тұтынудың өсуіне байланысты болды. Дегенмен Үкіметтің 2024 және 2025 жылдарға арналған болжамы ЖІӨ өсу қарқынымен сәйкесінше 6,0% және 5,6% деңгейінде экономиканы қалпына келтіруі көздейді. Халықаралық ұйымдардың 2024 жылға арналған консенсус-болжамы 4,0%-ды, ал 2025 жылға 5,0%-ды құрайды.

ЖІӨ-нің өсуіне әсер ететін негізгі факторлар – бұл халықты тұтыну деңгейі, экономикаға инвестициялар, мемлекеттік шығыс және сыртқы сауда. Қазақстанда мұнай және металл сияқты

шикізат ресурстарының экспорты маңызды рөл атқарады, бұл әлемдік бағалар ауытқығанда экономика әлсірейтінін көрсетеді. Сондықтан экономиканы әртараптандыру, ауыл шаруашылығы, өндіріс және IT-сектор сияқты шикізаттық емес секторларды дамыту – маңызды бағыт.


BCC Invest сарапшыларының есебі бойынша, экономиканың нақты өсімі 2024 жылы 3,9%-ды, ал 2025 жылы 4,4%-ды құрайды. Номиналды мәнде экономика 2024 жылы 129,6 трлн теңгеге және 2025 жылы 142,6 трлн теңгеге жетеді. Қызмет көрсету өндірісі секторы, атап айтқанда «Көтерме және бөлшек сауда» және «Көлік және қоймалау» салалары негізгі драйверлер болып қала береді. Тауар өндіру секторында да мұнай өндірудің 7,6%-ға немесе 6,9 млн тоннаға ұлғаюы аясында жедел өсу болжанып отыр.

2025 жылға арналған ЖІӨ деңгейінің болжамы, %-бен



ВСС Invest талдаушыларының ЖІӨ-нің алдағы динамикасы бойынша болжамы

Негізгі салалар бойынша бөлу арқылы 2024 және 2025 жылдарға арналған Қазақстанның ЖІӨ болжамы



Дереккөз: ҰСБ деректері

«ВСС Invest» АҚ Талдау және зерттеулер департаменті талдаушыларының бағалауына сай, 2024 жылы ел экономикасы номиналды мәнде 129,6 трлн теңгеге жетеді, ал нақты мәнде өсім 3,9% болады. Қызмет көрсету өндірісі секторы дамудың негізгі драйвері болады, ол номиналды мәнде 73,0 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 56,3%-ын, ал тауарлар өндірісі 47,1 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 36,3%-ын құрайды.

Болжау кезінде талдаушылар экономиканың экономикалық циклін ескереді, оны экономика шығарылымының алшақтығын табу арқылы анықтауға болады. Шығарылымның айырмасы – бұл нақты мен ықтимал ЖІӨ арасындағы айырма, ол ресурстарды толық пайдаланған кезде, инфляциялық қысым жасамай-ақ шығарылымның барынша ықтимал көлемін көрсетеді. Ықтимал көлем 1600-ге тең лямбда кезінде Ходрик-Прескотт сүзгісінің көмегімен есептелген, өйткені талданатын деректердің тоқсандық кезеңділігі бар. Алынған нәтиже бойынша, 2023

жылы экономика 5,1%-ға өсті, бұл экономикалық циклдер теориясына сай 2024 жылы экономиканың салқындауына және өсудің неғұрлым төмен қарқынына алып келді.

Болжамда Brent маркалы мұнай бағасын дамытуға жіті назар аударылды және Bloomberg консенсус болжамы негізге алынды, оған сай 2024 жылғы 4-тоқсанда мұнайдың бағасы орташа алғанда 1 баррель үшін 78,3 доллар болады, кейіннен 2025 жылғы 3-тоқсанға дейін 1 баррель үшін орта есеппен 78 долларға дейін сақталады. Іле-шала баға орташа есеппен 2025 жылғы 4-тоқсанда 1 баррель үшін 75,6 долларға дейін түседі.


ӘЭДБ-ға сай мұнай өндіру көлемі 2029 жылға дейін жыл сайын орташа 3,1%-ға артады. Осылайша, өндіру көлемі 2024 жылғы 90,3 млн тоннадан 2029 жылы 104,8 млн тоннаға дейін артады, яғни 16,1%-ға немесе 14,5 млн тоннаға өседі.

Тарауға шолу

Қазақстан теңгесінің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамы – тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің бағасына және инфляция деңгейіне әсер ететін еліміздің экономикалық тұрақтылығының маңызды индикаторы. Соңғы жылдары теңге долларға қатысты айтарлықтай ауытқыды. Мысалы, соңғы алты айда USD/KZT орташа айлық бағамы 8,2%-ға өсті, бұл теңгенің әлсірегенін куәландырады.


Сарапшылар алдағы жылдары теңгенің біртіндеп әлсірейтінін болжап отыр. BCC Invest-тің базалық сценарийіне сай 2025 жылдың соңына қарай бағам бір доллар үшін 533,4 теңгеге жетеді, бұл ретте орташа жылдық бағам 2025 жылы 528,1 теңге деңгейінде күтілуде. Оптимистік сценарий 2025 жылғы желтоқсан айына қарай бір доллар үшін 506,1 теңгеге дейін аздап нығаятынын болжайды, ал пессимистік сценарий бір доллар үшін 561,9 теңгеге дейін едәуір әлсірейтінін болжайды.

Теңге бағамына әсер ететін негізгі факторлар – мұнайдың әлемдік бағасы, инфляция деңгейі, геосаяси ахуал және ішкі экономикалық көрсеткіштер. Азаматтар үшін теңгенің әлсіреуі дегеніміз – импорттық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бағасының өсуі, бұл инфляцияның өсуіне және сатып алу қабілетінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін. Сондықтан айырбастау бағамының динамикасын қадағалау және өз жинақтарын қорғау үшін шаралар қабылдаған абзал, мысалы, әртүрлі валютада немесе инвестициялық құралдарда, мысалы, BCC Invest-тің инвестициялық пай қорларына қаражат салып, оларды әртараптандыру.



ВСС Invest талдаушыларының алдағы динамика бойынша болжамы

2025 жылдың соңына дейін теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамы динамикасының болжамы



Дереккөз: ВСС Invest болжамы

«ВСС Invest» АҚ Талдау және зерттеулер департаменті талдаушыларының бағалауынша, 2025 жылы теңге біртіндеп әлсірейді деп күтілуде, бұл болжамның үш сценарийінде: оптимистік, базалық және пессимистік сценарийінде көрсетілген.

Базалық сценарий 2025 жылдың соңына қарай бағам бір доллар үшін 533,4 теңгеге жететінін болжайды, бұл ретте жыл бойы бағам біртіндеп қымбаттайды. Оптимистік сценарий біршама нығаятынын және 2025 жылғы желтоқсан айына қарай бағам бір доллар үшін 506,1 теңгені құрайтынын болжайды. Пессимистік сценарий теңгенің едәуір әлсірейтінін және жыл соңына қарай бағам бір доллар үшін 561,9 теңгеге жетуі мүмкін екенін болжайды.

2025 жылы теңгенің әлсіреуінің негізгі факторлары инфляциялық тәуекелдің әрекетінің жалғасуы, әлемдік экономикалық конъюнктураның ықтимал нашарлауы жағдайында экспорттық түсімнің төмендеуі және

бюджет ережесінің әлсіз сақталуы болуы мүмкін, бұл үкімет шығынының өсуіне байланысты Ұлттық қордан трансферттердің ұлғаюына алып келуі мүмкін, бұл ұлттық валютаға қысымның артуына әкеледі. Осыған қарамастан, базалық сценарийде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің монетарлық саясатының шаралары оны қалыпты өсу шегінде сақтай отырып, бағамның әлсіреуін ішінара шектеуге көмектеседі деп болжануда.

Макроэкономикалық тәуекелді ескере отырып, экономикалық белсенді қатысушылардың валюта бағамының белгісіз құбылмалылығы жағдайында олардың қызметін бейімдеуге бағытталған шаралар туралы нақты түсінігі болуы қажет.

Тарауға шолу

Мұнай нарығы – Қазақстан экономикасының негізгі құрамдас бөлігі, өйткені мұнай еліміздің экспортқа шығатын негізгі тауарларының бірі болып қала бермек. Әлемдік мұнай нарығындағы өзгерістер бюджетке түсетін түсімге, валюта бағамына және жалпы экономикалық өсімге тікелей әсер етеді. Мұнай бағасының жаһандық өзгеруі жағдайында бұл ауытқулар Қазақстанның қаржылық тұрақтылығы мен даму мүмкіндіктеріне қалай әсер ететінін түсінген абзал.


Соңғы жылдары мұнай бағасы тұрақсыз болды, бұл геосаяси жағдайға, коронавирус пандемиясына және әлемдік сұраныстағы өзгерістерге байланысты болды. Мұнай нарығына әсер ететін негізгі факторлар: жаһандық сұраныс пен ұсыныс, сондай-ақ ОПЕК+ елдерінің саясаты. ОПЕК+ келісімдерінің бір бөлігі ретінде Қазақстан мұнай өндіруге арналған квоталарды ұстануға тиіс, бұл әлемдік бағаларды реттеуге көмектеседі, бірақ сонымен бірге өндірісті ұлғайту әлеуетін шектейді.

Үкіметтің жоспары бойынша, мұнай өндіру көлемі 2024 жылғы 90,3 млн тоннадан 2029 жылы 104,8 млн тоннаға дейін ұлғаяды. Осылайша, бес жылда өндіру көлемі 16,1%-ға немесе 14,5 млн тоннаға ұлғаяды. Әлемдік сарапшылардың консенсус-болжамдарына сай мұнай бағасы біртіндеп төмендеп, 2025 жылдың соңына қарай бір баррель үшін 75,6 доллар деңгейіне жетеді.



Алдағы уақыттағы мұнай динамикасы бойынша үкімет пен нарықтың болжамы

Мұнай өндіру көлемі болжамының динамикасы, млн тонна




Дереккөз: ЭЭДБ деректері

ЭЭДБ-ға сай 2024-2029 жылдар аралығында мұнай өндірудің орташа жылдық көлемі 100,5 млн тоннаны құрайды, бұл ретте ең жоғары мәні 2027 жылы 105,5 млн тоннаны құрайды деп болжанып отыр. Мұнай өндіру бойынша орташа жылдық өсу қарқыны 2,6%-ды құрайды, 2025 жылы ең жоғары өсім 7,6%-ды құрайды.

ЭЭДБ бойынша, Brent маркалы мұнайдың орташа жылдық бағасы 2024 жылы бір баррель үшін 80 долларды және кейінгі жылдары бір баррель үшін 75 долларды құрайды. Жаһандық экономикалық және геосаяси факторлардың салдарынан бағаның ықтимал ауытқуын ескере отырып, бұл – қалыпты оптимистік болжам.

Өндіру көлемінің күтілетін ұлғаюы әлемдік сұраныстың өзгеруіне және климаттық өзгерістердің энергетикалық секторға әсеріне байланысты тәуекелмен қатар жүреді. ОПЕК+ елдері бағаны ұстап тұру үшін өндіруді азайтатын жағдайларда Қазақстан өндіруді арттыру бойынша өз амбициялары мен квоталарды сақтау қажеттілігінің арасында өз жоспарларының икемділігі мен бейімделу қабілетін көрсетуге тиіс.

Консенсус динамикасы – мұнай бағасының болжамы, 1 баррель үшін АҚШ доллары



Дереккөз: ЭЭДБ деректері

Bloomberg деректері бойынша, ірі әлемдік банктер, мемлекеттік органдар және кейбір зерттеу ұйымдары әлемдік сұраныстың төмендеуі аясында Brent маркалы мұнай бағасының төмендейтінін болжап отыр. Осылайша, консенсус-болжам бойынша 2025 жылдың төртінші тоқсанында мұнайдың бір баррелінің орташа бағасы 75,6 АҚШ долларын құрайды.

ВСС Invest талдау және зерттеу бөлімі
research@bcc-invest.kz

Сұлтан Жұмағали – талдау және зерттеу
департаментінің директоры
szhumagali@bcc-invest.kz

Алдияр Ануарбеков – талдаушы
aanuarbekov@bcc-invest.kz

Алуа Есбол – жетекші талдаушы
ayesbol@bcc-invest.kz

Бақберген Тоқтасын - макроэкономист
btoktasyn@bcc-invest.kz

Едіге Қасымжан – жетекші талдаушы
yekassymzhan@bcc-invest.kz

Ербол Бейбитов – жетекші талдаушы
beibitov@bcc-invest.kz

Бөлшек сауда департаменті
sales@bcc-invest.kz

Корпоративтік сату департаменті
customers@bcc-invest.kz



www.bcc-invest.kz



<http://instagram.com/bcc.invest>



https://t.me/bcc_invest

